

Райбаев Дәулет Құмарбекұлының 6D030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды ескертудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық проблемалары» деп аталатын тақырыптағы диссертациялық зерттеу жұмысына

ІШКІР

Райбаев Дәулет Құмарбекұлы теориялық және практикалық тұрғыдан өте өзекті мәселені зерттеу жұмысына тақырып етіп таңдаған. Діни экстремизм көріністеріне қарсы тұру арқылы түрлі террористік актілердің алдын алу – бүгінгі таңда мемлекет алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Ағымдағы жылы Алматы, Ақтөбе қалаларында, оның алдында Астана, Атырау, Таразда болған оқиғалар Қазақстандағы экстремизм мен терроризм проблемасын тез арада өзекті мәселеге айналдырғаны анық.

Діни экстремизмнің көп қырлы әлеуметтік – құқықтық құбылыс екендігін ескере отырып, бұл мәселесінің өзге ғылым салалары бойынша зерттелгенімен отандық заң ғылымында діни экстремизм бойынша жазылған фундаменталды жұмыстардың жоқтығын және Д.Қ. Райбаевтың диссертациясы осы мәселенің заңды күші бар заңнама негізіндегі теориялық және қолданбалы аспектілерін әзірлеуге арналған кешенді жаңа монографиялық зерттеу жұмысы болып табылатындығын белгілегім келеді.

Зерттеу жұмысының объектісі мен пәні нақты, әрі дәл белгіленіп, қойылған міндеттерді шешу жолдары көрініс тапқан, диссертацияның құрылымы мен көлемі зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес берілген. Жұмыс мазмұны жоспарға сәйкес егжей-тегжейлі, дәлелді, заң тұрғысынан сауатты, әрі қисынды түрде ашылған.

Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен нақтылығы әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етілген. Жұмысты жазуда автор жалпы теорияның танымдық, жалпы ғылыми және жалқы ғылыми әдістерін пайдаланған. Діни экстремизм сияқты өте күрделі, көп қырлы феноменді кешенді түрде зерттеуде диссертанттың өз шығармашылық қабілетін айқын көрсете білуі, қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша тың ұсыныстар жасап, оны теориялық тұрғыдан негіздей білуі Д.Қ. Райбаевтың жұмысының артықшылығы деп санаймын.

Зерттеу жұмысымен айналысу кезінде диссертант өзін табанды, әрі қабілетті зерттеуші, қылмыстық құқық және криминология теориясы мен практикасы үшін маңызы бар мәселелерді көре білетін және оны шешу жолын таба білетін көреген ізденуші ретінде көрсете білді. Ол өзі зерттеген мәселе бойынша өзіндік жаңалығы мен бірегей ерекшелігі бар бағыт таңдап, жұмысында қылмыстық құқық, криминология, қылмыстық – атқару құқығы мен ғылыми танымның басқа салалары бойынша көптеген теориялық әзірлемелерді зерделеп, кең ауқымдағы эмпирикалық материалдарға талдау жасаған. Ол діни экстремизммен күресуге байланысты халықаралық ынтымақтастық пен шет ел тәжірибесіне тоқталып, олардың озық

үлгілерімен бөліскен. Диссертанттың қылмыстық – атқару жүйесінде еңбек өтілі бар практик-қызметкер болуы және құқық пәндерінен сабақ беру тәжірибесінің барлығы жұмысының тәжірибелік мазмұнын байытып, сәтті жазылуына жағымды ықпал етті деп пайымдаймын.

Жұмыстың ғылыми – практикалық маңыздылығы зерттеліп отырған тақырыптың ғылыми ұғымын дамытуға, базалық дефиницияларды нақтылау және қылмыстық құқық теориясында бар олқылықтарды жоюға үлес қосуымен айқындалады.

Кез келген шығармашылық жұмыс сияқты диссертацияда пікірталас тудыруы мүмкін тұжырымдар мен қорытындылар бар. Тақырыпқа қатысты пікірталастар оның ғалымдар арасында теориялық және практикалық қызығушылық тудыратындығын және тиісті мәселелерді талқылау арқылы оны зерттеу бойынша жаңа бағыттарды айқындау мүмкіндігін алатындығымызды көрсетеді.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары діни экстремизмге қарсы ұлттық заңнамамызды жетілдіру және оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Парламент мәжілісіне ұсынылып, оң бағаға ие болды. Диссертанттың ғылыми жаңалыққа ие тұжырымдары мен қорытындыларының шынайылығы өзге авторлардың қол жеткізген нәтижелерімен салыстырылып, өзі жинақтаған эмпирикалық материалдар нәтижесімен дәлелденген. Диссертацияның негізгі теориялық және практикалық мәні бар нәтижелері автордың халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда шыққан 4 мақаласында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдарда жарық көрген 4 мақаласында және «Scopus» компаниясының деректер базасына кіретін рейтингісі SJR_2013:0,110 тең халықаралық «Journal of Advanced Research in Law and Economics» ғылыми журналында жарық көрген 1 мақаласында көрініс тапқан. Сондай-ақ, зерттеу жұмысы нәтижелері Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының заң институтының оқу үдерісіне енгізіліп, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің криминалды полиция департаменті, Павлодар қаласы ІІБ және ҚАЖК Қарағанды облысы бойынша ҚАЖ департаменті АҚ-159/25 мекемесінің жеке құрамына жауынгерлік-қызметтік даярлық сабақтарында қолданылады.

Диссертацияны қажетті теориялық деңгейде орындалған жеке монографиялық жұмыс ретінде қарастыруға болады. Ол автордың жазған жаңа ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жиынтығын білдіреді.


Д.К. Райбаев ғылыми пікірталасқа түсуде өзін ойын ғылыми негізделген дәлелдермен бекітіп, ойын жүйелей білетін ізденуші ретінде танытты. Жұмыс түсінікті ғылыми тілде жазылып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертациялық зерттеулерге қоятын талаптарына сәйкес келеді.

Осы айтылғандар негізінде, Дәулет Құмарбекұлы Райбаевтың «Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды ескертудің қылмыстық-құқықтық

және криминологиялық проблемалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Ғылыми дәрежелер беру Ережесінің барлық талаптарына сәйкес келеді, жұмыста қылмыстық құқық пен криминология ғылымдарын жетілдіру үшін маңызы бар міндеттерді шешу орын алған деп санап, диссертант 6D030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайық деген қорытынды жасаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:

**Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов
атындағы Қарағанды академиясы
бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
заң ғылымдарының докторы, профессор,
полиция полковнигі**



С.Тоқыбаев